

Т. Қыдыр

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан Республикасы
(E-mail: qydyr.torali@gmail.com)*

Әлішер Науаидің «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» шығармасының түркітану саласындағы маңызы

Аннотация. Әлішер Науаи шығармаларының түркі халықтары әдебиетінде алар орны ерекше. Жазған дүниелерінің көлемі жағынан бір емес, бірнеше ақынды орап түсетін шайыр заманында түркі халықтары арасында алғаш рет «Хамса» дәстүрін енгізгендігімен ерекшеленеді. Оның әдеби, тарихи, тілдік және тәжірибелік-мемуарлық туындылары кейінгі ақындардың шығармашылығына қатты әсер еткен. Сондай шығармаларының бірі - «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» («Екі тіл туралы пікір»). Екі тілдің грамматикалық ерекшелігі мен поэтикалық қуатын зерделеген Науаи осы туындысы арқылы түркі әдеби тілінің парсыдан ешбір кем түспейтіндігін ғылыми түрде негіздеген. Түркі тілінің бай сөздік қорын нақты мысалдармен ашып көрсеткен. Әсіресе, парсы тілінде кездеспейтін жүз етістікті атап, кейбіріне өлең жолдарымен мысал келтірген. Сол жәдігерде кездесетін көне атаулар мен жүз етістіктің басым бөлігі бүгінгі қазақ тілінде де кеңінен қолданылады. Автор осы мақаласы арқылы Науаидің «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» шығармасының түркітану саласындағы маңызын саралап береді. Сондай-ақ, осы жәдігердің бүгінге дейін жеткен қолжазбалары туралы да қысқаша мәлімет ұсынып, сол нұсқалардың ерекшелігіне тоқталады. Бұл жәдігердің алғашқы басылымдары мен кейінгі кездерде зерттелуі туралы да автор өз ойларымен бөліскен. Зерттеу нысанына Фатих қолжазбасы алынып, кейбір түркі сөздерінің қолданылу ерекшелігі нақты мысалдармен берілген. Заманында екі тілде қатар қалам тербеген (зул-лисәнәйн) Науаидің бұл шығармасында көтерілген кейбір мәселелер қазір де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Орта ғасырларда араб, парсы және түркі тілдері өзара бәсекеге түссе, бүгінгі жаһандану заманында ағылшын, орыс және қазақ тілдерінің қазақ қоғамындағы қолданылу аясы тағы көтеріліп отыр. Осының өзі-ақ Науаи шығармасын зерттеп-зерделеудің өзектілігін көрсетсе керек.

Кілт сөздер: Науаи, түркітану, қолжазба, вариант, тіл, поэтика.

Кіріспе

Исламның тарай бастаған алғашқы кезеңінде соңғы дінді жаңадан қабылдаған ахам (парсы, түркі) халықтарының әдебиеті бірден дами қоймағаны тарихтан белгілі. Сондықтан VIII-X ғғ. түркі және парсы халықтары әдебиетіне «Екі ғасыр үнсіздік» («Ду ғәрн-е сукут») деген атау қолданылады. X ғасырдан, анығы қарахандықтар билігі тұсында өмір сүрген Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йүгінеки, Ахмет Ясауи секілді ақындардың мұрасынан бастап, түркі сөз өнері қайта дами бастады. XIV-XV ғасырларда түркі жазба әдебиеті шарықтау шегіне жетті. Атаи, Дурбек, Лутфи, Науаи сияқты шайырлар араб, парсы тілдерін жетік білсе де, өз туындыларын ана тілдерінде, анығы түркі тілінде жазуға тырысты. Себебі сол заманда қолына қалам ұстаған жандардың басым бөлігі парсыша не арабша жазуға бейім еді. «Араб – ғылымның, ал парсы – поэзияның тілі» деген жазылмаған қағида қалам иелерінің санасында жатталып қалып еді. Әсіресе, Мәурәннәһір, Хорасан өлкесінде өмір сүрген ақындардың халі мүшкіл болатын. Осы жағын ескерген Әлішер Науаи «Мухәкәмәтул-луғәтәйн», яғни «Екі тіл туралы пікір» атты туындысын жазуға кіріскен. Заманында парсы және түркі тілдерінде қатар қалам тербеген шайыр өмірінің соңына таман түркі ұлысының болашақ тағдырына алаңдап, ана тілінің табиғаты туралы ғылыми-танымдық еңбегін жазып шыққан.

Науаидің бұл еңбегі кейінгі қалам иелерінің шығармашылығына қатты әсер етіп, парсыша жазатын түркі ақындары сирей бастады. Бір кездері Махмұт Қашқари өзінің «Диуани луғат әт-түрк» еңбегі арқылы түркі тілдерінің бай сөздік қоры туралы мол мағлұмат қалдырса, Әлішер Науаи өзінің «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» шығармасында түркі әдеби тілінің поэтикалық қуатын нақты мысалдар арқылы, жан-жақты дәлелдеп берді.

Түркі әдеби тілін өз тұғырына қондырған Науаи мұрасы бүгінде жан-жақты зерттелу үстінде. Әсіресе, түрік, өзбек ғалымдары бұл салада оқ бойы озық келеді. Өкінішке қарай, әлем түркітанушыларының назарын аударған бұл жәдігер қазақ ғалымдары тарапынан арнайы қарастырылмаған. Сондықтан да Науаидің бұл шығармасын қазақ тілінің тарихи даму барысы аясында зерттеп-зерделеудің маңызы жоғары дер едік.

Әдістемесі

Мақаланы жазуда дереккөздерді жинау, сипаттау, қолжазбаларды сұрыптау, талдау, жүйелеу, тарихи-салыстырмалы, салғастыру тәсілі, аудару секілді классикалық, түйіндеу секілді бүгінгі ғылымға белгілі әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Әлішер Науаидің «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» шығармасының жарық көріп келе жатқанына екі ғасырға жуықтаса да, бұл жәдігерді қайта жариялауға деген құлшыныс әсте толастаған емес. Ақын заманында құснихатшылардың қаламының күшімен ел арасына санаулы нұсқамен тараса, бертін келе алғашқы баспаханалар пайда болғаннан кейін бұл шығарма мыңдаған тиражбен жарық көре бастады. Алғаш рет 1841 жылы Париж қаласында М.Катремердің құрастыруымен жарияланса [1], 1862 жылы А.Вамбери мажар тіліне тәржімалап шығарды [2]. Ы.Гаспыралының 1882 жылы Бақшасарайда жариялаған еңбегі 1902 қайта жарық көрді. Түрік ғалымдары А.Жаудат пен М.Уәләд 1895 жылы Ыстамбұлда жеке кітап етіп жариялады. Ал 1917 жылы Қоқанда литографиялық нұсқада жарық көрді. Содан бері ақын мерейтойлары қарсаңында жеке кітап болып та, академиялық толық шығармаларының аясында да бірнеше рет басылды [3].

Түрік ғалымдары Нежиб Асим [4], Рефет Ышытман [5], Араһ Сирри Леуенд [6], Сема Барутчу Өзөндер [7] бұл жәдігерді зерттеп, өз пікірлерін білдірді.

Науаи шығармаларын зерттеп-зерделеуде өзбек ғалымдары көш ілгері келеді. Алғаш рет П.Шамсиев пен О.Усманов [8] тарапынан жарық көрген жәдігер бертін келе У.Санақұлов [9], М.Хамидова [10], Қ.Эргашев [11], Қ.Содиқов [12] және Ю.Турсунов [13] секілді науаитанушылардың іргелі зерттеулеріне ұласты. Орта ғасырлардағы түркі әдеби тілінің ерекшелігі кеңінен талданған бұл жәдігер әлі де көптеген зерттеулерге негіз болары анық.

Талдау

«Мухәкәмәтул-луғәтәйн» жәдігерінің қолжазба нұсқалары. Әлішер Науаидің өмірінің соңына таман, анығы 1499 жылы жазылған «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» («Екі тіл туралы пікір») атты шығармасы біздің заманымызға дейін бірнеше нұсқада жетті. Бүгінгі ғылыми зерттеулерге негіз болып отырған сол қолжазбалардың бірі – Түркиядағы Топкапы сарай-музейі Реуан кітапханасындағы 808-нөмірлі Науаи жинағында 774b-782b беттерінің арасында сақталған. Кәтібі Дәруіш Мұхаммед Тәкин. Бұл нұсқаның 1496 және 1497 жылдары аралығында көшірілгенін ескерсек, онда бұл қолжазба Әлішер Науаидің көзі тірісінде хатқа түскен деуге толық негіз бар. Ғылымда бұл қолжазба «Топкапы нұсқасы» деген атпен белгілі.

Түркиядағы тағы бір қолжазба Сүлеймания кітапханасының Фатих бөлімінде 4056 нөмірмен сақталғандықтан да, «Фатих нұсқасы» деп аталады. Науаи жинағының соңында орналасқан (774b-784a). Көшірушісі туралы мәлімет жоқ.

Кәтіп Али Хижранидің 1526-1527 жылдар аралығында Гератта жасаған көшірмесі бүгінде

Парижде сақталған. Ұлттық кітапхананың (Bibliothèque National) 316-317 нөмірлі Науаи жинағының 278а-286а беттерінің арасынан орын алған бұл қолжазбаны «Париж нұсқасы» деп атайды.

Венгрия Ғылым Академиясы (Magyar Tudományos Akadémia) Түрік бөлімінде 75 нөмірімен сақталған қолжазбаның қашан және кім тарапынан көшірілгені туралы нақты дерек жоқ. Бүгінде «Будапешт нұсқасы» деген атпен белгілі бұл қолжазбаны түркітанушы А.Вамбери Ыстамбұл қаласында Сзилаги Даниелден алып, кейіннен Мажар ғылым ордасына өткізген деген болжам бар.

Ғылымға белгілі төрт нұсқаны зерделеген ғалымдар Топкапы мен Париж нұсқаларының жазылу мәнерінің ұқастығын аңғарса, Фатих пен Будапешттегі қолжазбалардың көшірілу негізі бір екендігіне назар аударған [7, 7 б.].

Сондай-ақ, кейінгі жылдары бұл жәдігердің тағы бір қолжазбасы табылды. 1766-1767 жылдар аралығында көшірілген бұл нұсқа бүгінде Хайдарабаттағы Саларжан кітапханасында 18 нөмірмен сақталған. Мұхаммед Бабыр жинағының (59б-86а) арасынан табылған бұл қолжазба «Хайдарабат нұсқасы» деп аталады. Осы нұсқаны зерделеген ғалым Ю.Тұрсұнов қолжазбаның XVIII ғасырдың екінші жартысында Фатих нұсқасынан көшірілгендігін алға тартады [13, 10 б.].

Яғни, бүгінде ғылымға белгілі бес нұсқа екі қолжазбаның негізінде дүниеге келген: Топкапы және Фатих нұсқалары. Жазылу тарихы жағынан Науаи заманына баратын (Науаидің көзі тірісінде көшірілген) Топкапы нұсқасы ең ескі қолжазба болып есептелсе, ал кейіннен көшірілген Фатих қолжазбасы автор тарапынан біраз түзетілгендігімен ерекшеленеді. Осы екі нұсқаның ғылыми құндылығына назар аударған Қ.Содиқов: «Қолжазбалар арасындағы өзгешеліктер төмендегіше тұжырым жасауға итермелейді. Қолжазбаның екі түрлі варианты болған: Науаи шығарманы жазып біткен соң, оны кәтіпке тапсырған; кәтіп сол вариант негізінде мәтінді көшірген. Кейінірек автор мәтінді қайта қарап шыққан, оған кейбір түзетулер жасап, Науаидің өзі көзастынан өткізген. Осылайша «Мухәкәмәтул-луғатайн» автордың көзі тірісінде екі түрлі вариантпен тараған» [12, 24 б.], - деп жазады. Яғни, Науаи еңбекті жазып біткеннен кейін өз ісіне көңілі толмастан, шығарманы қайта қарап шығып, кейбір тұстарына түзетулер енгізген. Содан еңбектің біршама толық варианты дүниеге келген [13, 21 б.].

Будапешт және Хайдарабат қолжазбаларына негіз болған Фатих варианты – толық нұсқа болып есептеледі. Сондықтан да кейінгі кездегі зерттеулерде осы қолжазба басты нұсқа ретінде қарастырылып келеді. Біз де жәдігерді талдау барысында Фатих қолжазбасын негізге алдық.

«Мухәкәмәтул-луғатайн» жәдігерінің түркітанудағы орны.

Науаидің «Екі тіл туралы пікір» («Мухәкәмәтул-луғатайн») атты еңбегінің түркі әдеби тілінің даму тарихында алар орны ерекше. Заманында екі тілдің фонетикалық ерекшелігінен бастап, грамматикалық құрылымына дейін зерделеген ақын бұл шығармасын жазуына не себепкер болғанын:

«المتكلم» اسمي غه مظهر يتيم عذريغه تركي و سارت لغتي كفييتي و حقيقتي شرحيدا بو رساله ني جمع قيليپ بيتيم و انكا «محاكمة اللغتين» ات قويدوم، تا ترك ايلي تيلي فصاحت و دقتي و بلاغت و وسعتي كه، اولحضرت بو تيل و عبارت بيله نظم بساطي توزوب دورلار و مسيحا انفاسي و حضر زلالي دين اولوك تيركوزماك طريقي عالم اهلي غه كوركوزوب دورلار، ظاهر قيلديم و خياليم غه مونداق كيلوركيم، ترك اولوسي فصيح لاريغه اولوغ حق ثابت قيلديم كه، اوز الفاظ و عبارت لاري حقيقي و اوز تيل و لغت لاري كفييتي دين واقف بولديلار و فارسي كوي لارنينك عبارت و الفاظ بابيدا طعن قيلور سرزنشي دين قوتولدي لار. الار داغي رنج و مشقتيم مقابله سيدها، جون بو مخفي علم دين كه، ظاهر قيليپ مين، وقوف تاپسه لار، اميد اولكيم، بو فقيرني خير دعاسي بيله ياد قيلغايلار و روحوم ني انينك بيله شاد قيلغايلار.

«Әл-мутәкәллим» («المتكلم») атына қол жеткізуімнің алғысы ретінде түркі мен сарт тілінің ортасындағы ақиқат пен жағдайды түсіндіру үшін осы рисаланы жаздым, және оны «Мухәкәмәтул-луғатәйн» («محاكمة اللغتين») деп атадым.

Сол хазіреттің осы тіл мен тіркестер арқылы жыр дастарқанын жайып, Исаның демі және Қызырдың суымен өлікті тірілту жолын әлем халқына көрсеткеніндей, (мен де – Т.Қ.) осымен түркі әдеби тілінің көркемдігі мен нәзіктігін, шешендігі мен кеңдігін көрсеттім. (Ендеше – Т.Қ.)

түркі халқының сөз ұсталарының алдында ұлы міндетті орындадым, сол арқылы олар өз сөздері мен тіркестерінің ақиқатынан, өз тіл мен лұғаттарының сапасынан хабардар болды, парсы тілдестердің тіркесімен айтылып келген кекесін мен өсектерден құтылды деп ойлаймын. Олар да осыншалықты машақатпен әрі бейнетпен шығарғаным – осы құпия ілімнен хабардар болып, мына пақырды жақсы дұғамен еске алып, рухымды сонымен қуанышқа кенелтеді деп үміттенемін», – деп ашып көрсетті.

Науаи осы шығармасы арқылы түркі әдеби тілінің бай сөздік қорын, поэтикалық қуатын нақты мысалдар аясында айғақтаған. Орта ғасырда жиі қолданылған түркілік атау-ұғымдар бұл жәдігерде кеңінен пайдаланылған. Мысалы, **ағайын-туыстық атаулар** – «аға» («اغا»), «іні» («ايني»), «ікечі» («ايكاجي»), «сіңіл» («سينكيل»), «абаға» («اباغه»), «тағайы» («طغايي»), «көкелташ» («كوكلتاش»), «әткә» («اتكه»), «енке» («اينكه»); **киіз үйге қатысты сөздер** – түңлік («تونكلوك»), үзүнк («اوزونك»), тұрлұқ («تورلوغ»), басрұғ («ياسروغ»), жығ («جيغ»), қанат («قنات»), көзенек («كوزنك»), уық («اوغ»), бағыш («باغيش»), босаға («بوسغه»), іркене («ايركنه»); **үйректің түрлері** – суна («سونه»), «боршын» («بورجين»), жөрке («جوركه»), ерке («ايركه»), сұқсұр («سوقسور»), алма баш («الما باش»), чақыр қанат («چاقير قنات»), темір қанат («تيمور قنات»), ала лұға («اله لوغه»), ала пәке («اله يكه»), бағчал («باغجال»); **құстың түрлері** – туғдақ («توغداق»), туғдары («توغداري»), чағрұқ («چاغروق»), қылқұйрық («قىل قويروغ»), құлапұрға («قوله پورغه»), жапалақ («يابالاغ»), құлад («قولاد»), леклек («لكلك»), жайлан («جیلان»), қаракұс («قراقوش»), телбекұс («تيلبه قوش»), чықжығ («چقجيغ»), чылға («چيلغه»), сұқмағ («سوقماغ»), душ («دوش»), арғадал («ارغдал»), қырашма («قىراشمه»), бұрмақ («بورماق»), секіртпе («سيكرتپمه»), сырт («سرت»), ұчма («اوچمه»), ічме («اچمه»), йылат («ايلات»), мақыралаң («ماقيرالان»), тоқай («توقاي»), күлкүлек («كولاك كول»), саң («سانك»), сайаң («сайанк»), чақыл («چاقيل»), саһи («саһи»), шортаң («шортанк»); **жылқының түрлері** – тобычак («توبوجاق»), арғымақ («ارغوماق»), жәкә («يکه»), жабу («يابو») және тату («تاتو»); **жылқы малының жастарына қатысты** – тай («تاي»), құнан («غونان»), дөнен («دونان»), толан («تولان»), чырға («چرغا»), ланға («لانغه»); **ат әбзелдері** – жібілгір («جبلگر»), хана («حنا»), тоқым («توقوم»), жазлығ («جارليغ»), ұланқом («اولنك قوم»), ұларчағ («اولارچاغ»), ғанжуға («غنچوغه»), жылбыр («چلبير»), құшқұн («قوشقون»), қантар («قانتار»), туфәк («توفك»), тоқа («توقه»), тазйана («تازيانه»), бұлдұрға («بولدورغه»), чүпчұрға («چوبچورغه»). Бұлардан басқа күнделікті ішіп-жейтін сусындар мен тамақтар, ұрыс майданында қолданатын қару-жарақтардың түрлері мен олардың түркілік атаулары туралы да бұл жәдігерде көп мағлұмат берілген.

Науаи келтірген бұл сөздердің көпшілігі бүгінгі түркі тілдерінде кеңінен қолданылатындығы белгілі. Соның ішінде ағайын-туыстық, киіз үй және жылқы малына қатысты кейбір атаулар қазақ тілінде сол қалпы қолданылады. Ал бүгінгі қолданыстан түсіп қалған кейбір атаулардың орта ғасырлық әдеби тілімізде жиі кездесетіндігі белгілі.

Әсіресе, аң-құстарға қатысты сөздердің парсышада кездесе бермейтіндігін Науаи осы еңбегінде ашып көрсетеді. Бір үйрекке қатысты бірнеше атау қолданылатынын жазады автор. Орта ғасырларда түркілер үйректің аталығын «сона» десе, «баршын» деп аналығын атаған. Ал парсылар үйректің бәрін бөліп-жармастан «морғәк» («مرغک») деп атайды.

Науаи түркілердің ағайын-туыстық қарым-қатынасқа берік екенін сондағы атау-ұғымдардың көптігімен байланыстырған. Түркілер үлкен бауырды «аға» деп атап, ал кіші бауырды «іні» деп атайтынына тоқталады. Парсылар аға-ініні бөліп отырмастан бәрін «брадәр» («برادر») деп атайды дейді автор. Расында да, парсылар «ағаны» – «брадәре бөзөрг» («برادر بزرگ»), яғни «үлкен бауыр» десе, кіші ініні «брадәре кучек» («برادر کوچک»), яғни «кіші бауыр» дейді. Яғни, аға мен ініні айтарда олар «үлкен» не «кіші» екендігін қоса айтады. Сондай-ақ, әпке мен қарындасқа қатысты да солай, олар бәрін «хахәр» («خواهر») деп, оның үлкен-кішісін бірге атайды.

Науаи осы еңбегінде түркі әдеби тілінде кездесетін жүз етістіктің парсы тілінде кездеспейтіндігін алға тартады. Сол етістіктер мынау:

قوارماق و قوروقشاماқ و اوشارماқ و جيجايماق و اونگدايماқ و چيکريماқ و دومسايماق و اومسانماق و اوسانماق و ايگرماқ و ايگار ماқ و اواخرانماق و تارقماق و الداماқ و ارغداماқ و ايشانماқ و ايگلانماқ و ايلانماق و ايگرانماқ و ايريكماқ و اوونماق و قيستاماқ و قيناماқ و قوزغالماқ و ساورولماق و چايقالماق و ديوداشماқ و قيمانماق و قيزغانماق و نيکاماқ و سيلانماق و تانلاماқ و قميرداماқ و سيريمک و سيرماماқ و کنارکاماқ و سيغريقماق و سغينماق و قيلنماق و يالينماق و مونگلانماق و اينداماқ و تيرگاماқ و تيوراماқ و قينغايماق و شغالداماқ و سينگراماқ و ياسقاماқ و ايسقارماق و کونگراماқ و سوخرانماق و سيباماқ و قارالاماқ و سورکانماқ و کويمانماқ و اينگراماқ و توشالماқ و مونغايماق و تانچقاماқ و تانچق
 الماق و کوروکساماқ و بوشورغانماق و بوخساماқ و کيرکينماқ و سکداماқ، بوسماق، بورماқ، تورماқ، تامشياماқ، قاهاماқ، سييقارماق، چيچارکاماқ، چورکانماқ، اورتانماқ، سيزغورماق، کورپاکلاشماқ، چوپروماق، جبرغاماқ، بيچيماق، قيزانماق، سينگورماқ، کونداالاتماқ، کومورماқ، يگيرماқ، کونگورداماқ، کينارکاماқ، کيزارماқ، دوپتولماق، چيداماق، توزماқ، قازغانماق، قيچيغلاماқ، چيميديلاماқ، کانگراماқ، ياداماқ، قاداماқ، چيقانماق، کوندورماқ، سونوروماق، سوقلاتماق

«Құуармақ, құрұқшамақ, үшермек, жыйжаймақ, өңдеймек, чікреймек, домсаймақ, ұмсанмақ, ұсанмақ, игірмек, игермек, охранмақ, тарықмақ, алдамақ, арғадамақ, ішенмек, ігленмек, айланмақ, ерікмек, іgrenмек, аунамақ, қыстамақ, қыйнамақ, қозғалмақ, саурулмақ, чайқалмақ, деудесімек, қымсанмақ, қызғанмақ, нікемек, сыйланмақ, танламақ, қымырдамақ, серпмек, сермемек, кенергемек, сығрықмақ, сығынмақ, қылынмақ, йалынмақ, мұңламақ, үндемек, тергемек, теуремек, қыңғаймақ, шағалдамақ, сіңремек, йасқамақ, ысқармақ, күңренмек, сұхранмақ, сыйпамақ, қараламақ, сүркенмек, күйменмек, ыңранмақ, төшелмек, мұңғаймақ, танчқамақ, танчқалмақ, көрүгсемек, бұшұрғанмақ, бұхсамақ, кіркінмек, сөгедемек, босмақ, бүрмек, түрмек, тамшымақ, қаһамақ, сыпқармақ, чічергемек, чүргенмек, өртенмек, сызғурмақ, көрпеклешмек, чүпрұтмақ, жырғамақ, бічімақ, қыңранмақ, сіңүрмек, күнделетмек, көмүрмек, йігірмек, күңүрдемек, кінергемек, кезермек, доптұлмақ, чыдамақ, төзмек, қазғанмақ, қычыгламақ, чымдыламақ, кеңсіремек, йадамақ, қадамақ, чықанмақ, көндүрмек, сөндүрмек, сұқлатмақ».

Науаи осы негізгі етістіктердің парсышада дәл мағынасында қолданылмайтындығына назар аударады және парсылар осы сөздерді жеткізуде араб кірме сөздеріне жүгінетіндігін немесе қолдан күрделі етістік жасайтындығын айтады. Кейбір сөздердің парсышада тіптен кездеспейтіндігін, сондықтан да ондай ұғымның оларда жоқтығына да назар аударады. Ал түркілердің сөздік қоры бай болғандықтан да, оларда бір сөздің бірнеше баламасы бар екендігін жазады. Синонимдес сөздердің көптеп кездесуі тіл байлығының көрсеткіші екенін, сондықтан да түркінің тілі өлең сөзге жақын екенін нақты мысалдар арқылы пысықтайды. Мысалы:

«Өлеңнің болмыс-бітімі ғашықтыққа келіп тіреледі. Ғашықтықта жыламақтан («йыгламақ») артық тұрақты һәм тәжірибелі жол жоқ. Және оның (жылаудың) түрлері бар. **Жыламсынбақ** («йыгласинмақ») мағынасы туралы түрік былай депті:

Заһид ғашықтығын айтайын десе,
 Жыламсырап көзіне жас келмейді.

Дертпен ақырын жәй жылауды **еңіремек** («айнграмақ») пен **сіңремек** («синграмақ») деп атайды. (Мағыналарында) айтарлықтай айырмашылық жоқ. Түркіше мына матлағ (ғазалдың алғашқы бәйіті – Т.Қ.) бар:

Қаласам дәуір адамдарынан ышқыңды жасырмақта,
 Түнде кейде еңіреп, кейде сіңреп шығатын әдетім бар.

Парсыда бұл мағына жоқ, шайыр қандай жол таппақ?

Жылауды әсірелеудің бірі – **сықтамақ** («سیقتماق»). Түрік осы түрді қолданып былай депті:

Ол ай күле-күле жақындатты мені,
Жылатты мені демейін, сықтатты мені.

Және бар дауысымен, айқайлап жылаудың да түрі бар, оны **өкірмек** («اوکورماк») дейді. Осы мағынада түркіше мына матлағ (ғазалдың алғашқы бәйіті – Т.Қ.) бар:

Ісім – тау үстінде жан-жаққа көз селін ағызу,
Айрылу азабынан сәт сайын бұлыттай өкіру, – деп,

әрбір сөзге жеке-жеке бәйіт арнап, өз ойын нақтылай түскен. Ондағысы түркі тілінің бай сөздік қорын ғылыми негіздеу болатын. Өз ойын одан әрі жалғастырған Науаи: «Парсы тілінде **өкірмек** («اوکورماк») деген сөз жоқ, (яғни) парсы тілді шайыр осындай керемет мазмұннан мақұрым деген сөз.

Және **жыламақтың** («بیغلاماق») **өкірмекпен** («اوکورماк») мағыналас **іншірмек** («اینچکیرماک») дегені де бар. Ол – жіңішке дауыспен жылау деген сөз. Ол түркі сөзінде өз тіркесімен орнын тапқан:

Замана залымдығынан тамағымды қырнап жылаймын,
Айналған заманадай **інічкіріп** жылаймын.

Сондай-ақ, жыламақ сөзіне **һай-һайды** («هاي-هاي») да қосып айтады, және мұнда олар (парсы тілділер – Т.Қ.) өздерін түркіше сөйлейтіндерге серік қылған. Бұл сөз де бүтіндей түркі тынысы. Пақырдың (яғни, Науаидың – Т.Қ.) мына мақтағы (ғазалдың соңғы бәйіті – Т.Қ.) өте мәшһүр:

Науаи, ол гүл үшін **һай-һай** жылама көп,

«Һай» дегеніңше не гүлдің бұтасы, не түйнегі, не гүл бар», – деп, **іншірмек** пен **һай-һай** жылауға да бір-бір бәйіттен мысал келтірген.

Бір ғана жылаудың **жыламсынмақ** («بیغلامسینماق»), **еніренмек** («اینграммак»), **сіңремек** («сінграммак»), **сықтамақ** («سیقتماق»), **жыламақ** («سیقتماق»), **өкірмек** («اوکورмак»), **іншірмек** («اینچкیرмак»), **һай-һай жыламақ** («ي-اه-ي-اه») деген түрлерінің барын айтып, өлең сөзбен мысалдар берген шайыр парсылардың олардың бәрін бір ғана атаумен жеткізетіндігіне тоқталады. Расында да, Науаи келтірген осы сөздердің бәрін парсы тілінде «герие кәрдән» («گریه کردن») деген бір-ақ атаумен береді.

Сонымен бірге ішімдік ішу деген сөздің де түркі әдеби тілінде **бұхсамақ** («بوخساماق»), **тамшымақ** («تامشیماق»), **сыпқармақ** («سیقارماق») деген түрлері кездесетінен Науаи нақты мысалдармен жеткізе білген.

Науаи **қызғанмақ** (қызғанмақ), **қымсынмақ** («قیمسانماق»), **безенмек** («بیزانماк») һәм **телмірмек** («تیلмормак») деген сөздердің де парсышада жеке-жеке сөз ретінде қолданылмайтындығын айтады. Әр сөзге жеке-жеке мысал келтірген ақын мұндай дәл сезімдерді парсышада сол қалпында жеткізу мүмкін еместігін айтады. Науаи өз ойын: «Парсыша сөйлейтін түркіден шыққан бектер мен мырзалар өз ойын қалай жеткізер екен?», «парсыша жазатын ақындар мұндай мағынаны жеткізуде дәрменсіз», «парсышада мұндай атау-ұғым жоқ», – деп түйіндеп отырады.

Түркілердің үй жануарларының әрқайсысын жек-жеке атап, олардың дауыс шығаруын **түйенің боздауы, аттың кісінеуі, есектің ақыруы, иттің ұлуы һәм сиырдың мөңіреуі** деп атайтынын, парсылар аттың кісінеуін ғана «шихә» деп атап, басқаларына нақты сөз қолданбайтындығына тоқталады. Ал жылқы малына қатысты атау-ұғымдардың бәрін де парсы тілдестер түркі тілімен айтқанды жөн көреді.

Сондай-ақ, қару-жарак, киім түрлері, қой мүшелері, тамақ түрлері, сусын-ішімдіктің бірнеше атауларын атап, олардың парсы тіліндегі баламасы жоқ екенін нақты мысалдармен берген.

Науаи осы шығармасында жүз етістікті былай қойғанда, сөз жасаушы жалғау-жұрнақтарға дейін тоқталған. Осыдан-ақ оның түркі әдеби тілін жан-жақты зерттегенін аңғару қиын емес. Ол: «Тағы бір (мынадай) қолдану да бар, яғни кейбір сөздердің соңына мансап немесе кәсіп пен өнерді білдіру үшін «чим» («ح») және «йай» («ي») қосымшасын жалғайды. Бұл да парсышада жоқ, қайта олар да түркіше айтады. Мансапқа қатысты былай: **құрчы** (قورچی), **сұчы** (سوجی), **хизаначы** (خزانه جی), **керек-йарақчы** (گیراک یاواقچی), **чәугәнчі** (جوگانجی), **найзачы** (جی نیزه), **шүкүрчі** (شکر جی), **йұртчы** (بورجی), **шиланчы** (تیلانجی) және **ахтачы** (اختجی) сияқты көп», – деп «шы» жұрнағын жалғау арқылы жаңа сөз жасауға болатынын алға тартады.

Сондай-ақ: «Тағы бір айту мен қолдану бар: біреуден бір істі күмәндану арқылы сол істі сол адамға телігендей болады. Бұл нақты емес, қайта күдіктенгендіктен болады, бірақ мұнда нәзіктік басым. Мысалы: **барғүдек** (بارغودیک), **йарғүдек** (يارغودیک), **келгүдек** (کیلغودیک), **білгүдек** (بیلغودیک), **айткүдек** (ایتغودیک), **қайткүдек** (قایتغودیک), **ұрғүдек** (اورغودیک), **сүргүдек** (سورغودیک). Бұл парсышада болмас», – деп, қазақ тілінде «барғандай, жарғандай, келгендей» деген секілді күдік-күмәнға құрылған сөздерді түркілер оңай жасай алатындығына назар аударған. Соның жалғасы ретінде Науаи:

«Кейбір сөздердің соңына бір «чим» («چیم») әрпін қосып, сол арқылы етістіктегі жылдамдықты көздейді. Мысалы: **теkkәч** (تیککاج), **айткач** (ایتکاج), **барғач** (بارغاج), **йарғач** (يارغاج), **тапқач** (تاپقاج) және **сатқач** (ساتقاج)», – деп, «тиген соң» деген сөзді жасау үшін негізгі етістікке «ч» әрпін жалғап та сөз жасауға болатындығын алға тартады.

«Сондай-ақ, бір түс немесе бір сипаттың негізін арттыру үшін алғашқы әрпіне бір «пе» («پ») немесе «мим» («میم») жалғап, сол нәрсенің артықшылығын білдіреді. «Пе» («پ») мысалы: **ап-ақ** (آپ-آق), **қап-қара** (قاپ-قرا), **қып-қызыл** (قیپ-قیزیل), **сап-сарығ** (ساپ-ساریغ), **йұм-йұмалақ** (یوپ-یومالاق), **йап-йашыл** (یپ-یاشیل), **ап-ачұғ** (آپ-اچوغ), **чүп-чүқыр** (چوپ-چوقور). «Мим» (میم) мен жасалатын мына түрі де бар, мысалы: **Кум-көк** (گم-کوک), **йам-йашыл** (یام-یاشیل), **бум-буз** (بوم-بوز)», – деп жазған Науаи түркі әдеби тілінде сөз жасаудың жеңілдігін нақты мысалдармен талдап көрсетеді.

Заманында «Зул-лисәнәйн» яғни екі тілде қатар қалам тербей алатын ақындардың қатарынан саналған ақын арабша жақсы біліп, парсыша һәм түркіше де өлеңдер жазғаны белгілі. Екі тілдің өзіндік ерекшелігін, поэтикалық қуатын жақсы білген. Сондықтан да оның қаламынан туған «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» шығармасы жалаң ұрандарға емес, нақты ғылыми тұжырымға құрылған деуге толық негіз бар.

Нәтижелер

Әлішер Науаидің «Екі тіл туралы пікір» («Мухәкәмәтул-луғәтәйн») атты еңбегінде, тек қана түркі әдеби тілінің бай сөздік қоры сөз болмайды, сонымен бірге сөз өнерінің жасалу техникалары туралы да құнды мәліметтер келтіріледі. Сондай-ақ, бұл шығарма автордың өмірінің соңына таман жазылғандықтан да, жәдігердің соңғы жағында Науаи өзінің шығармашылығына шолу жасап, өз оқырмандарына есеп бергенін де аңғару қиын емес. Яғни, өз қаламынан туындаған шығармалардың дүниеге келуінде қандай оқиғаның немесе қандай шайырдың шығармасы жатқанын да ақын ашып көрсеткен. Және кейбір тәтәббуғ үлгісінде берілген бәйіттердің үлгісін ұсынып, сол жыр жолдарының кімге жауап ретінде жазылғанын да Науаи осы шығармасында атап өтеді.

Сондықтан да «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» атты шығарманың құрылымын үшке бөліп қарастыруға болады: тілтану, әдебиеттану және тәзкірә-мемуарлық. Жәдігердің бастапқы һәм негізгі бөлігі түркі тілінің грамматикалық құрылымы мен фонетикалық ерекшелігіне арналса, екінші жартысында шайырлық шеберлік пен әдеби өрнектерге орын берілген. Соңына таман

өз шығармалары мен түркі және парсы шайырларының мұрасы туралы өз пікірін ортаға салған. Сол дәуірдегі тілдік ерекшелік пен әдеби кеңістігін кеңінен саралаған бұл жәдігердің өміршеңдігі де осында жатса керек.

Қорытынды

Жазған дүниелерінің көлемі жағынан заманының бір емес, бірнеше ақынды орап түсетін Әлішер Науаидің әдеби һәм тарихи мұрасын зерттеп-зерделеу әсте толастаған емес. Батыс ориенталистері мен түркітанушылары, сондай-ақ орыс шығыстанушылары да ақын шығармалары туралы өз пікірлерін білдірген. Әсіресе, оның XIV-XV ғасырлардағы түркі жазба тілі мен әдеби кеңістігі кеңінен талданған «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» атты туындысы іргелі зерттеулерге негіз болған. Осы уақытқа дейін бұл жәдігер түпнұсқадан ағылшын, мажар, неміс, түрік, парсы тілдеріне тәржімаланып, ғылыми зерттеулерге жол ашты, ғылыми жұмыстар жазылды. Өкінішке қарай, әлем назарын аударған бұл туынды қазақ ғалымдары тарапынан әлі күнге қарастырылмай келеді. Науаи шығармасында көтерілген кейбір дүниелердің бүгінгі түркі ұлысында, соның ішінде қазақ қоғамында әлі қордаланып тұрғанын ескерсек, бұл жәдігерді түпнұсқадан тәржімалап, зерттеп-зерделеудің маңызы жоғары дер едік.

Әдебиет

1. Quatremer M. Chrestomaties Orientales, Extraits d Ali-Schir. – Paris, 1841. – 235 p.
2. Vamberi A. Muhakemet-ül-lugetejn. Mir Ali-Sir (Nevaji) csagataj-törökjeböl // Nyetvtudomány Közlemenyek. 1 C. – 1862. – P. 112-130.
3. Мухаммад Х.Ә. «Мухокамат ул-луғатайн»нинг янги Эрон нашри // [Электрон.ресурс] – 2021. – URL: <https://ziyouz.uz/matbuot/hozirgi-davr-matbuoti/l-r-2011-2/> (қаралған уақыты: 4.05.2021)
4. Necip Asım. Muhakemet-ül-lugetejn. – İstanbul: İkdam Külliyatı, 1315. – 128 p.
5. Refet Işıman İ. Ali Şir Nevai. Muhakemet-ül-lugeteyn. – Ankara: TDK, 1941. – 132 p.
6. Sırrı Levend A. Ali Şir Nevai. IV cilt. Dıvanlar ile Hamse Dışındaki Eserler. – Ankara: TDK, 1968. – 256 p.
7. Sema Barutçu Özender F. Ali Şir Nevai. Muhakemetül-lugeteyn. – Ankara: Irmak matbaacılık, 1996. – 244-16 p.
8. Әлішер Навоий. Мухакамат ул-луғатайн. Nasrga tajjarlavcilar A.Usman, PçSamsıyev. – Toshkent: Uz SSR goslitizdat. 1940. – 125 p.
9. Санакулов У. Исследование языка памятника XV века «Мухокамат ул-луғатайн» Алишера Навои: автореф. дисс ...канд. филол. наук. – Ташкент, 1971. – 18 с.
10. Хамидова М. «Мухокамату-л-луғатайн» нинг танкидий матнини яратиш йулида // Адабий мерос. – 1958. – №2(33). – Б. 81-84.
11. Alisher Navoiy. Tola asarlar toplami. Oʻn jildlik. Muhokamat ul-lugʻatayn. 10 jild. (Nashrga tayyorlavchi Q.Ergashev). – Toshkent: Gʻafur Gʻulom nomidagi nashriyot-matbaa ijodiy uyi, 2012. – P. 506-533.
12. Алишер Навоий. Мухокамат-л-луғатайн. (Қ.Содиқов тахлили, табдили ва талқини остида). – Тошкент: Akademnashr, 2017. – 128 с.
13. Алишер Навоий. Мухокамат-л-луғатайн. Илмий-танкидий матн. (Тузувчи ва нашрга тайёрловчи Юсуф Турсунов). – Тошкент: Фан, 2021. – 160 с.

Reference

1. Quatremer M. Chrestomaties Orientales, Extraits d Ali-Schir. Paris, 1841. 235 p.
2. Vamberi A. Muhakemet-ül-lugetejn. Mir Ali-Sir (Nevaji) csagataj-törökjeböl. In: Nyetvtudomány Közlemenyek. 1 C. 1862. P. 112-130.
3. Muhammad H.E. «Muhokamat ul-lugatayn»ning yangi Iron nashri. In: [Electronic resource] – 2021. – URL: <https://ziyouz.uz/matbuot/hozirgi-davr-matbuoti/l-r-2011-2/> (date of access: 4.05.2021) [in Uzbek].
4. Necip Asım. Muhakemet-ül-lugetejn. İstanbul, İkdam Külliyatı, 1315. 128 p. [in Turkish].
5. Refet Işıman İ. Ali Şir Nevai. Muhakemet-ül-lugeteyn. Ankara, TDK, 1941. 132 p. [in Turkish].
6. Sırrı Levend A. Ali Şir Nevai. IV cilt. Dıvanlar ile Hamse Dışındaki Eserler. Ankara, TDK, 1968. 256 p. [in Turkish].

7. Sema Barutçu Özender F. Ali Şir Nevayi. Muhakemetül-lig'ateyn. Ankara, Irmak matbaacılık, 1996. P. 244-16. [in Turkish].
8. Alisher Navoiy. Muhakamatl lug'atayn. Nasrga tajjarlavcilar A.Usman, PçSamsiyev. Taskent, Uz SSR goslitizdat. 1940. 125 p. [in Uzbek].
9. Sanakulov U. Issledovaniye yazika pamyatnika XV veka «Muhakamat ul -lug'atayn» Alishera Navoiy [Study of the language of the 15th century monument «Muhokamat ul-lughatayn» by Alisher Navoi]. Avtoref. Diss. ...kand. filol.nauk [abstract of the dissertation of the candidate of philological sciences]. Tashkent, 1971. [in Russian].
10. Hamidova M. «Muhokamat-l-lug'atayn» ning tanqidiy matnini yaratish yulida. In: Adabiy meros, №2(33). 1958. P. 81-84. [in Uzbek].
11. Alisher Navoiy. Tola asarlar toplami. O'n jildlik. Muhokamat ul-lug'atayn. 10 jild. (Nashrga tayyorlavchi Q.Ergashev). Tashkent, G'afur G'ulom nomidagi nashriyot-matbaa ijodiy uyi, 2012. P. 506-533. [in Uzbek].
12. Alisher Navoiy. Muhokamat-l-lug'atayn. (Q.Sodiqov tahlili, tabdili va talqini ostida). Tashkent, Akademnashr, 2017. 128 p. [in Uzbek].
13. Alisher Navoiy. Muhokamat-l-lug'atayn. Ilmiy-tanqidi matn. (Tuzuvchi va nashrga tayiorlovchi Yusuf Tursunov). Tashkent, Fan, 2021. 160 p. [in Uzbek].

T. Qydyr

*M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Almaty, Republic of Kazakhstan
(E-mail: qydyr.torali@gmail.com)*

The importance of Alisher Navoi's work «Muhakamatul-lugatayn» in the field of Turkic studies

Abstract. The works of Alisher Navoi take a special place in the literature of the Turkic peoples. The poet, who wrote a lot in his time, is distinguished by the fact that he first introduced the tradition of «Khamasa» among the Turkic peoples. His literary, historical, linguistic and memoir works had a great influence on the work of later poets. One of these works is «Muhakamatul-lugatayn» («Opinion on two languages»). Having studied the grammatical features and poetic power of both languages, Navoi scientifically substantiated in this work that the Turkic literary language is in no way inferior to Persian. Using specific examples, he revealed the rich vocabulary of the Turkic literary language. In particular, he mentioned one hundred verbs that are not found in Persian and gave some examples in verses. Most of the ancient terms found in this work are widely used in the modern Kazakh language. In this article, the author reveals the significance of Navoi's work «Mukhakamatul-lughatayn» in the field of Turkology. He also spoke briefly about the extant manuscripts of this work and focused on the specifics of these versions. The author also shared his thoughts on the first publications and subsequent studies of this work. The subject of the study is the Fatih manuscript, the specifics of the use of some Turkic words are given on specific examples. Some of the questions raised in this work of Navoi, written in the Middle Ages in parallel in two languages (zul-lisain), have not lost their relevance today. In the Middle Ages, Arabic, Persian and Turkic languages competed with each other, and in the era of globalization, the scope of application of English, Russian and Kazakh languages in Kazakh society is growing again. This indicates the relevance of studying the work of Navoi.

Keywords: Navoi, Turkology, manuscript, variant, language, poetics.

Т. Кыдыр

*Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: qydyr.torali@gmail.com)*

Значимость «Мухокамаат ул-лугатайн» Алишера Навои для тюркологии

Аннотация. Творчество Алишера Навои занимает особое место в историческом развитии литератур тюркских народов. Поэт, оставивший после себя богатое творческое наследие, был

реформатором и первым ввел традицию «Хамса» в тюркское поэтическое искусство. Его литературные и мемуарные произведения, а также исторические и лингвистические труды оказали большое влияние на творчество поэтов более поздних эпох. Памятник «Мухокамат ул-лугатайн» («Суждение о двух языках»), анализу которого посвящена данная статья, является одним из известных сочинений поэта-мыслителя Алишера Навои. Изучая и сравнивая языковые и поэтические особенности персидского и тюркских языков, Навои показывает, что тюркский литературный язык ничем не уступает персидскому языку; более того посредством конкретных иллюстраций из текста памятника поэт раскрывает словарное богатство тюркских языков. В частности, поэт анализирует сто тюркских глаголов, которые не встречаются в персидском языке, но которые весьма значимы для тюркского стихосложения. Надо отметить, что множество лексем, рассмотренных в памятнике, широко используется в современном казахском языке и в других тюркских языках.

Указывая на огромную важность памятника «Мухокамат ул-лугатайн» в области тюркологии, автор статьи рассматривает несколько вариантов рукописей памятника, дошедшие до настоящего времени и раскрывает их исторические, культурные и языковые особенности. В статье также дается подробная информация о первых публикациях указанного памятника и последовавших за ними научных исследованиях его. В статье лингвистический и стихотворный анализ памятника осуществлён на основе рукописи Фатиха, также проведена тематическая классификация лексем, раскрывающая картину мира тюркских народов в позднее средневековье. Многие вопросы, затронутые в «Мухокамат ул-лугатайн», не потеряли своей актуальности и сегодня. Например, если в эпоху средневековья в центральноазиатском регионе была конкуренция между арабским, персидским и тюркскими языками, то сейчас, в период глобализации, в современном Казахстане возрастает тенденция гармоничного употребления казахского, русского и английского языков, что придает особую значимость проблеме полиязычия в контексте исследования «Мухокамат ул-лугатайн».

Ключевые слова: Навои, тюркология, рукопись, вариант, язык, поэтика.

Автор туралы мәлімет:

Төрәлі Қыдыр, филология ғылымдарының кандидаты, Ежелгі дәуір әдебиеті және түркология бөлімінің меңгерушісі, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Құрманғазы көшесі, 29, Алматы, Қазақстан Республикасы.

Information about author:

Torali Qydyr, Candidate of Philological Sciences, Head of the Department of Ancient Literature and Turkic Studies, M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Kurmangazy str., 29, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Сведения об авторе:

Торали Кыдыр, кандидат филологических наук, заведующий отделом древней литературы и тюркологии, Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, ул. Курмангазы, 29, Алматы, Республика Казахстан.